

**"Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 1230 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 837 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 23 қарашадағы № 816 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 26 қарашадағы № 82 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 28 қарашада № 17811 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. "Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 1230 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 837 бірлескен бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12793 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілеріне қатысты энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы тексеру парағы;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес энергия аудиторлық ұйымдарға қатысты энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы тексеру парағы;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес, оқу орталықтарына қатысты энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы тексеру парағы;

5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес, қара металлургия саласындағы субъектілерге қатысты энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы тексеру парағы;

6) осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес, түсті металлургия саласындағы субъектілерге қатысты энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы тексеру парағы;

7) осы бірлескен бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес, отын өнеркәсібі саласы бойынша субъектілерге қатысты энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы тексеру парағы;

8) осы бірлескен бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес, химия өнеркәсібі саласы бойынша субъектілерге қатысты энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы тексеру парағы;

9) осы бірлескен бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес, мұнай-химия және мұнай өңдеу өнеркәсібі саласы бойынша субъектілерге қатысты энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы тексеру парағы;

10) осы бірлескен бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес, құрылыс материалдары өнеркәсібі саласы бойынша субъектілерге қатысты энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы тексеру парағы;

11) осы бірлескен бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес, электр станцияларына қатысты энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы тексеру парағы;

12) осы бірлескен бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес, конденсациялық жылу электр станцияларына қатысты энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы тексеру парағы;

13) осы бірлескен бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес, қосалқы станциялардың жеке мұқтаждықтарына қатысты энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы тексеру парағы бекітілсін;

көрсетілген бірлескен бұйрыққа 1 және 2-қосымшалар осы бірлескен бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

осы бірлескен бұйрыққа 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, және 13-қосымшалар 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, және 13-қосымшаларымен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі _____ Ж. Қасымбек 2018 жылғы " __ " _____	Қазақстан Респуб. Ұлттық экономик. _____ Т. 2018 жылғы " __ " _____
---	--

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы  
Бас прокуратурасының  
Құқықтық статистика және  
арнайы есепке алу жөніндегі  
комитеті

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің  
2018 жылғы 23 қарашадағы  
№ 816 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2018 жылғы 26 қарашадағы  
№ 82 бірлескен бұйрығына  
1-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің  
2015 жылғы 23 желтоқсандағы  
№ 1230 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 30 желтоқсандағы  
№ 837 бірлескен бұйрығына  
1-қосымша

**Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы тәуекел  
дәрежесін бағалау өлшемшарттары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушысының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру Қағидаларына және тексеру парақтарының нысанына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 14 қыркүйекте 2018 жылы № 17371 болып тіркелген) және "Энергия тұтынудың нормативтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 394 бұйрығына сәйкес әзірленген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 11 маусымда № 11319 тіркелген).

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) болмашы бұзушылықтар – жарық беру мақсатында ауыспалы ток тізбектерінде пайдаланылуы мүмкін, қуаты 25 Вт және одан да жоғары электр қыздыру шамдарын сатып алу және пайдалануға, 2,5 дәлдік сыныбы бар электр энергиясын есептеуіштерді коммерциялық есепке алу мақсатында пайдалануға рұқсат беру;

2) елеулі бұзушылықтар – энергия тұтынудың нормативтерін сақтамау; Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасы талаптарының сақталмауы жөнінде расталған бір шағымның немесе өтінішінің болуы, энергия аудиторлық ұйымдар мен оқу орталықтарының жартыжылдық қорытындысы бойынша 15 шілдеден және 15 қаңтардан кешіктірмей уәкілетті органға энергия аудиті бойынша есеп беру кезеңінде берілген барлық қорытындылардың көшірмелерін және (немесе) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын кадрлардың қайта даярлаудан және (немесе) біліктілігін арттырудан өтуі туралы есеп беру кезеңінде берілген барлық құжаттардың көшірмелерін ұсынбауы; энергия аудитін жүргізу кезінде уәкілетті органның жол берілген бұзушылықтарды жою жөніндегі ұйғарымдарын уақтылы орындамау; энергия аудит жүргізу және оқу орталықтарының қызмет қағидаларын ұстанбау; Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасы талаптарының энергия аудиторлық ұйымдар мен оқу орталықтарының: штатында біліктілендірілген персоналының, меншік құқығында немесе өзге де заңдық негізде ақпараттық-өлшеу кешендері мен техникалық құралдарының, бекітілген оқу бағдарламалары мен жоспарларының, меншік құқығында немесе өзге де заңдық негізде оқу кабинетінің, компьютерлерінің болуы бойынша міндеттемелері бөлігіндегі талаптарының сақталмауы;

3) өрескел бұзушылықтар – электр желілеріндегі қуат коэффициентінің нормативтік мәндерін сақтамау бойынша бұзушылықтар; энергетикалық аудитті жүргізу нәтижелері бойынша қорытындының болмауы; энергетикалық аудиті өткеннен кейін бес жыл

ішінде, энергетикалық аудиті қорытындылары бойынша айқындалған шамаға дейін энергетикалық ресурстардың және судың тұтыну көлемін өнімнің, үйлердің, құрылыстар мен ғимараттардың алаңы бірлігіне міндітті түрде жыл сайын төмендету туралы талаптарын бұзу; сәулет, көлемдік-жоспарлау, технологиялық, конструкциялық және инженерлік-техникалық шешімдерге үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың энергия тиімділігіне ықпал ететін талаптарды қамтамасыз етпеу; Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасының талаптарының сақталмауы жөнінде расталған екі немесе одан да көп шағымдардың немесе өтініштердің бар болуы; заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заңымен белгіленген тәртіпте энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметті жүзеге асыруды бастағанға немесе тоқтатқанға дейін уәкілетті органға хабарламаны бермеуі; Мемлекеттік энергетикалық тізілімге енгізілетін ақпаратты ұсынбауы;

4) тәуекел – бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;

5) тәуекелдерді бағалау жүйесі – бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды белгілеу мақсатында бақылау органы жүргізетін іс-шаралар кешені;

6) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланыссыз бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

7) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметі нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

8) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы бақылау субъектілері (бұдан әрі – бақылау субъектілері) – Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері, жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалар, мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор субъектілері, энергия аудиторлық ұйымдар және оқу орталықтары, лауазымды тұлғалар.

3. Тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттар арқылы қалыптастырылады.

## **2-тарау. Объективті өлшемшарттар**

4. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында жоғары тәуекел дәрежесіне Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері жатады.

5. Жоғары тәуекел дәрежесіне жатпайтын бақылау субъектілеріне жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар, мемлекеттік мекемелер және квазимемлекеттік сектор субъектілері, энергия аудиторлық ұйымдар мен оқу орталықтары, лауазымды тұлғалар жатады.

Жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты, бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған және жатқызылмаған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты жоспардан тыс тексерулер жүргізіледі.

### **3-тарау. Субъективті өлшемшарттар**

6. Субъективті өлшемшарттарды айқындау:

1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;  
2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау кезеңдерін қолдана отырып жүзеге асырылады.

Тәуекелдер дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) бұрынғы тексерулер мен бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері. Бұл ретте бұзушылықтардың ауырлық дәрежесі (өрескел, маңызды, болмашы) тексеру парақтарында көрсетілген заңнама талаптарын сақтамаған жағдайда белгіленеді;

2) бақылау субъектісі ұсынатын, оның ішінде мемлекеттік органдар, мекемелер және салалық ұйымдар жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері;

3) тәуелсіз ұйымдар аудитінің (сараптамасының) нәтижелері (энергия аудиті, энергия сараптамасы, жою кезіндегі тәуелсіз аудит, өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасы және аудиттің (сараптамалардың) басқа түрлері);

4) расталған шағымдар мен арыздардың болуы және саны.

Осы Өлшемшарттардың 6-тармағында айқындалған ақпарат көздері негізінде осы Өлшемшарттардың қосымшасына сәйкес тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары айқындалады.

7. Бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне тәуекел дәрежесінің 100 көрсеткіші теңеледі және оған қатысты субъектіге (объектіге) бару арқылы, профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Егер де өрескел бұзушылықтар анықталмаған жағдайда, онда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау үшін маңызды және болмашы дәрежелі бұзушылықтар бойынша жалпы көрсеткіші есептеледі.

Маңызды бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде

0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$R_3 = \left( \frac{\sum P_2 \times 100 / \sum P_1}{0,7} \right)$$

мұндағы:

$R_3$  – маңызды бұзушылықтардың көрсеткіші;

$P_1$  – маңызды бұзушылықтардың талап етілетін саны;

$P_2$  – анықталған маңызды бұзушылықтардың саны;

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$R_H = \left( \frac{\sum P_2 \times 100 / \sum P_1}{0,3} \right)$$

мұндағы:

$R_H$  – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

$P_1$  – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

$P_2$  – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны;

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (

$\Sigma$

P) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша маңызды және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы анықталады:

$\Sigma$

P =

$\Sigma$

P<sub>з</sub> +

$\Sigma$

P<sub>н</sub>

мұндағы:

$\Sigma$

P – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

$\Sigma$

P<sub>з</sub> – маңызды бұзушылықтардың көрсеткіші;

$\Sigma$

P<sub>н</sub> – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъекті (объекті):

1) тәуекел дәрежесі 61-ден 100-ге дейінгі көрсеткіш кезінде тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылады және оған қатысты профилактикалық бақылау жүргізіледі;

2) тәуекел дәрежесі 0-ден 60-қа дейінгі көрсеткіш кезінде тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылмайтындарға жатады және оған қатысты профилактикалық бақылау жүргізілмейді.

#### **4-тарау. Қорытынды ережелер**

8. Тәуекелдің жоғары дәрежесіне жататын субъектіге (объектіге) қатысты бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу мерзімділігі жылына бір реттен жиілетпей айқындалады.

Бұл ретте, талдау және бағалау кезінде нақты бір бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын есепке алынған және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері қолданылмайды немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі біткен деректер.

9. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 3-



тармағына сәйкес құрылатын бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жарты жылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

10. Субъектіге (объектіге) бару арқылы профилактикалық бақылау тізімдері субъективті өлшемшарттар бойынша ең жоғары тәуекел дәрежесі көрсеткіші бар бақылау субъектілерінің (объектілердің) басымдығын ескере отырып жасалады.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына қосымша

## Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы бақылау субъектілерінің тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары

р/с №	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
	1. Бұрынғы тексерулер мен профилактикалық бақылау нәтижелері (ауырлық дәрежесі көрсетілген талаптарды сақтамаған кезде белгіленеді)	
1.	Электр желісінің кернеу класы 110-220 кВ болғанда тұтынушының электр желісіне қосылу нүктесіндегі электр желілеріндегі қуат коэффициенті 0,89-дан артық немесе тең	өрескел
2.	Электр желісінің кернеу класы 6-35 кВ болғанда тұтынушының электр желісіне қосылу нүктесіндегі электр желілеріндегі қуат коэффициенті 0,92-ден артық немесе тең	өрескел
3.	Электр желісінің кернеу класы 0,4 кВ болғанда тұтынушының электр желісіне қосылу нүктесіндегі электр желілеріндегі қуат коэффициенті 0,93-тен артық немесе тең	өрескел
4.	Жарық беру мақсатында ауыспалы ток тізбектерінде пайдаланылуы мүмкін, қуаты 25 Вт және одан да жоғары электр қыздыру шамдарын пайдалануға жол бермеу	болмашы
5.	Мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор субъектілеріне қатысты жарық беру мақсатында ауыспалы ток тізбектерінде пайдаланылуы мүмкін, қуаты 25 Вт және одан жоғары электр қыздыру шамдарын үшін сатып алуды жүзеге асырмау	болмашы
6.	2,5 дәлдік сыныбы бар электр энергиясын есептеуіштерді коммерциялық есепке алу мақсатында пайдалануға жол бермеу	болмашы
7.	Сәулет, көлемдік-жоспарлау, технологиялық, конструкциялық және инженерлік-техникалық шешімдерге үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың энергия тиімділігіне ықпал ететін талаптарды қамтамасыз ету	елеулі
8.	Энергетикалық аудиті өткеннен кейін бес жыл ішінде, энергетикалық аудиті қорытындылары бойынша айқындалған шамаға дейін энергетикалық ресурстар мен судың тұтыну көлемін өнімнің бірлігіне, үйлердің, құрылыстар мен ғимараттардың алаңы бірлігіне жыл сайын азайтуды қамтамасыз етпеу (мемлекеттік мекемелерді қоспағанда)	өрескел
9.	Энергетикалық ресурстарды есепке алатын тиісті аспаптармен және жылу тұтынуды реттеудің автоматтандырылған жүйелерімен жарактандырылмаған, энергетикалық ресурстарды тұтынатын жаңа объектілерді пайдалануға қабылдауына жол бермеу	елеулі
	Мемлекеттік энергетикалық тізілімге енгізілетін ақпаратты, атап айтқанда: Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілерінің атауын, мекенжайы мен олардың қызметінің негізгі түрлерін, күнтізбелік бір жыл ішінде заттай және ақшалай көріністегі энергетикалық ресурстарды және суды өндіру, шығару, тұтыну, беру және жоғалту көлемдерін, энергетикалық аудиті қорытындысы бойынша Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісі әзірлейтін энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру	

10.	жөніндегі іс-шаралар жоспарын, сондай-ақ аталған энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына енгізілетін толықтыруларды және (немесе) өзгерістерді, есептік кезең ішінде энергетикалық аудиті қорытындысы бойынша Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісі әзірлейтін энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу нәтижелерін, өнім бірлігіне шаққанда нақты энергия тұтынуды және (немесе) үйлер, құрылыстар, ғимараттар ауданының бірлігіне есептегенде жылытуға жұмсалған энергетикалық ресурстар шығысын, энергетикалық аудиті бойынша қорытындының көшірмесін, энергия менеджменті жүйесінің ұлттық немесе халықаралық стандарт талаптарына сәйкестік сертификатының көшірмесін, энергетикалық ресурстарды есепке алу аспаптарымен жарактандырылуы туралы ақпаратты ұсынуы	өрескел
11.	Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметті жүзеге асыруды бастағанға немесе тоқтатқанға дейін уәкілетті органға хабарламаны ұсынуы	өрескел
12.	Уәкілетті органға энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы энергия аудитін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарлаған заңды тұлғаның штатында уәкілетті орган аттестаттаған кемінде төрт энергия аудиторының болуы	елеулі
13.	Уәкілетті органға энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы энергия аудитін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарлаған заңды тұлғаның меншік құқығында немесе өзге де заңдық негізде уәкілетті орган бекіткен ақпараттық-өлшеу кешендері мен техникалық құралдарының тізбесіне сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында сенім білдірілген ақпараттық-өлшеу кешендері мен техникалық құралдарының болуы	елеулі
14.	Ұсынымдарда, өнім бірлігіне шаққанда, энергетикалық ресурстарды тұтынудың азайғаны және (немесе) үйлер, құрылыстар мен ғимараттар ауданының бірлігіне шаққанда, жылытуға жұмсалатын энергетикалық ресурстардың азайғаны көрсетілген және оларды орындау мерзімдері көрсетілген іс-шаралардың болуы	елеулі
15.	Өлшеу аспаптарын пайдалана отырып, үйлерді, құрылыстарды, ғимараттарды және оның инженерлік жүйелерін құрал-жабдықпен тексеру	елеулі
16.	Энергетикалық аудитінің жүгінген тұлғасымен (тапсырыс берушімен) келісілген және бекітілген Энергетикалық аудитін өткізу бағдарламасына сәйкес жабдықтар жұмысы параметрлерінің аспаптық өлшеулерінің болуы	елеулі
17.	Кәсіпорынның штаттық құралдарынан алынған деректердің болмауы (салыстырылып тексерілген)	елеулі
18.	Әрбір қоғамдық және (немесе) тұрғын үй ғимараты үшін энергия тиімділігі сыныбының көрсеткішін толтыру	елеулі
19.	Энергетикалық аудит өткізу нәтижелері бойынша қорытындының болуы	өрескел
20.	Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша қорытындыда есептік ақпараттың болуы	елеулі
21.	Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша қорытындыда ұсынымдар мен тужырымдарды, объектінің заттай және пайыз түрінде энергия үнемдеуінің ықтимал әлеуетін камтитын қорытынды бөлімнің болуы	елеулі
22.	Энергия аудиторлық ұйымдардың жартыжылдық қорытындысы бойынша 15 шілде мен 15 қаңтардан кешіктірмей уәкілетті органға есеп беру кезеңінде энергия аудиті бойынша берілген барлық қорытындылардың көшірмелерін ұсынуы	елеулі
23.	Энергия аудитін жүргізу кезінде уәкілетті органның жол берілген бұзушылықтарды жою жөніндегі ұйғарымдарын уақтылы орындау	елеулі
24.	Біліктілікті арттыру және (немесе) кадрларды қайта даярлау оқу орталықтары мен мүдделі заңды және жеке тұлғалармен жасалатын оқу шарттардың болуы	елеулі

25.	Уәкілетті органға энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы кадрларды қайта даярлауды және (немесе) олардың біліктілігін арттыруды жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарлаған заңды тұлғаның білім саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша бекітілген оқу бағдарламалары мен жоспарларына сәйкес бекітілген оқу бағдарламалары мен жоспарларының болуы	елеулі
26.	Уәкілетті органға энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы кадрларды қайта даярлауды және (немесе) олардың біліктілігін арттыруды жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарлаған заңды тұлғаның штатында жоғары білімі бар кемінде екі оқытушының, оның ішінде техника ғылымдарының кандидатынан (магистрінен) төмен емес оқу дәрежесі бар кемінде бір оқытушының болуы	елеулі
27.	Уәкілетті органға энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы кадрларды қайта даярлауды және (немесе) олардың біліктілігін арттыруды жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарлаған заңды тұлғаның меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде уәкілетті орган бекіткен ақпараттық-өлшеу кешендері мен техникалық құралдарының тізбесіне сәйкес оқу кабинетінің, компьютерлерінің, ақпараттық-өлшеу кешендері мен техникалық құралдарының болуы	елеулі
28.	Оқу орталықтарының жартыжылдық қорытындысы бойынша 15 шілде мен 15 қаңтардан кешіктірмей уәкілетті органға есеп беру кезеңінде энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын кадрлардың қайта даярлаудан және (немесе) біліктілігін арттырудан өтуі туралы құжаттарды жіберуі	елеулі
29.	Оқу орталығының басшысымен бекітілген комиссияның сандық және дербес құрамының (үш адамнан кем емес) болуы	елеулі
30.	Әр нұсқасы елу сұрақтан кем болмайтын кемінде үш жауап болатын және олардың біреуі дұрыс болып табылатын төрт нұсқадан кем болмайтын емтихан комиссиясымен бекітілген тестілеу сұрақтарының болуы	елеулі
31.	Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын кадрларды қайта даярлауды және (немесе) олардың біліктілігін арттыруды жүргізу кезінде уәкілетті органның жол берілген бұзушылықтарды жою жөніндегі ұйғарымдарын уақтылы орындау	елеулі
2. Бақылау субъектісі ұсынатын, оның ішінде мемлекеттік органдар, мекемелер және салалық ұйымдар жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері		
32.	Мемлекеттік энергетикалық тізілімге енгізілетін ақпаратты, атап айтқанда: Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілерінің атауын, мекенжайы мен олардың қызметінің негізгі түрлерін, күнтізбелік бір жыл ішінде заттай және ақшалай көріністегі энергетикалық ресурстарды және суды өндіру, шығару, тұтыну, беру және жоғалту көлемдерін, энергетикалық аудиті қорытындысы бойынша Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісі әзірлейтін энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын, сондай-ақ осы энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына енгізілетін толықтыруларды және (немесе) өзгерістерді, есептік кезең ішінде энергетикалық аудиті қорытындысы бойынша Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісі әзірлейтін энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу нәтижелерін, өнім бірлігіне есептегенде нақты энергия тұтынуды және (немесе) үйлер, құрылыстар, ғимараттар ауданының бірлігіне есептегенде жылытуға жұмсалған энергетикалық ресурстар шығынын, энергетикалық аудиті бойынша қорытындының көшірмесін, энергетикалық ресурстарды есепке алу аспаптарымен жарақтандырылуы туралы ақпаратты ұсынбау	өрескел

33.	Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметті жүзеге асыруды бастағанға немесе тоқтатқанға дейін заңды тұлғалардың уәкілетті органға хабарламаны жібермеуі	өрескел
3. Тәуелсіз ұйымдар аудитінің (сараптамасының) нәтижелері (энергия аудиті, энергия сараптамасы, жою кезіндегі тәуелсіз аудит, өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасы және аудиттің (сараптамалардың) басқа түрлері)		
3.1. Қара және түсті металлургия саласы бойынша электр энергиясының, жылу энергиясының және отынның нормативтік шығысын сақтау жөнінде талаптар		
34.	Кокс тоннасын өндіруге жұмсалатын электр энергиясының меншікті шығыны сағатына 17 киловаттан артық	елеулі
35.	Бір тонна шойын өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 14 киловаттан артық	елеулі
36.	Бір тонна қатарлы маркаларлы электрлік болат өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 475 киловаттан артық	елеулі
37.	Бір тонна легирленген электрлік болат өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 750 киловаттан артық	елеулі
38.	Бір тонна мартендік болатты өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 20 киловаттан артық	елеулі
39.	Бір тонна болатты оттекті-конверторлық өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 30 киловаттан артық	елеулі
40.	Бір тонна шойынды домендік өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 23 киловаттан артық	елеулі
41.	Бір тонна электрлік болатты конверторлық өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 30 киловаттан артық	елеулі
42.	Бір тонна болатты слябинкті дайын өнімді тоқтамай құю машинасымен (одан әрі – ДӨТҚМ) құюға жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 60 киловаттан артық	елеулі
43.	Бір тонна болатты сортты ДӨТҚМ құюға жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 60 киловаттан артық	елеулі
44.	Жеке зауыттардың мартен цехтарында метр <sup>3</sup> оттегіні өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 2,7 киловаттан артық	елеулі
45.	Жеке оттекті зауыттарда метр <sup>3</sup> оттегіні өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 2,7 киловаттан артық	елеулі
46.	Сыйымдылығы 0,5 тонна доғалы электр пештерде тонна болатты өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 1135 киловаттан артық (сынықтарды балқыту жолымен электрлік болат алу процесіне қолданылмайды)	елеулі
47.	Сыйымдылығы 1,5 тонна доғалы электр пештерде тонна болатты өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 860 киловаттан артық (сынықтарды балқыту жолымен электрлік болат алу процесіне қолданылмайды)	елеулі
48.	Сыйымдылығы 3 тонна доғалы электр пештерде бір тонна болатты өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 700 киловаттан артық (сынықтарды балқыту жолымен электрлік болат алу процесіне қолданылмайды)	елеулі
49.	Бір тонна аспаптық болат өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 775 киловаттан артық	елеулі
50.	Бір тонна көміртекті болат өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 620 киловаттан артық	елеулі
51.	Бір тонна илекті қыздыру құдықтары бар блюмингтерде өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 25 киловаттан артық	елеулі

52.	Бір тонна илекті басты жетекте өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 20 киловаттан артық	елеулі
53.	Бір тонна илекті механизмдер мен крандарда өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 5 киловаттан артық	елеулі
54.	Бір тонна илекті 1100 – блюмингтерде өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 15 киловаттан артық	елеулі
55.	Бір тонна илекті слябингтерде өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 25 киловаттан артық	елеулі
56.	Бір тонна илекті суықтай илемдейтін үздіксіз орнақтарда өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 400 киловаттан артық	елеулі
57.	Бір тонна илекті жеке зауыттардың илемдеу цехтарында өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 201,1 киловаттан артық	елеулі
58.	Бір тонна илекті 250 ұсақ сұрыптау орнағында өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 50 киловаттан артық	елеулі
59.	Бір тонна илекті 300 – 400 орташа сұрыптау орнағында өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 115 киловаттан артық	елеулі
60.	Бір тонна илекті 300 сұрыптау орнағында өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 45 киловаттан артық	елеулі
61.	Бір тонна илекті 500 – 550 ірі сұрыптау орнағында өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 35 киловаттан артық	елеулі
62.	Бір тонна илекті 600 ірі сұрыптау орнағында өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 55 киловаттан артық	елеулі
63.	Бір тонна сымды сым орнағында өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 90 киловаттан артық	елеулі
64.	Бір тонна илекті жұқа табақты орнағында өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 70 киловаттан артық	елеулі
65.	Бір тонна илекті қалың және орташа табақтық универсалдық орнағында өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 100 киловаттан артық	елеулі
66.	Суықтай илектеу цехтарында бір тонна ыстықтай қалайылайтын қаңылтырларды өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 250 киловаттан артық	елеулі
67.	Суықтай илектеу цехтарында бір тонна электролиттік қалайылайтын қаңылтырларды өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 400 киловаттан артық	елеулі
68.	Суықтай илектеу цехтарында бір тонна табақтық өнімнің басқа түрлерін өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 145 киловаттан артық	елеулі
69.	Суықтай илектеу цехтарында бір тонна илекті күйдіру пештерімен өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 600 киловаттан артық	елеулі
70.	Суықтай илектеу цехтарында бір тонна илекті күйдіру пештерінсіз өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 80 киловаттан артық	елеулі
71.	Суықтай илектеу цехтарында бір тонна дайындықтарды 900 дайындау орнақтарында өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 80 киловаттан артық	елеулі
72.	Суықтай илектеу цехтарында бір тонна дайындықтарды 720 / 500 - үздіксіз дайындау орнақтарында бойынша өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 18 киловаттан артық	елеулі
73.	Бір тонна илекті жолақтық дайындау және өтпелі сым орнақтарында өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 80 киловаттан артық	елеулі

74.	Бір тонна рельсті рельс - арқалық орнақтарында суықтай илемдеу цехтары бойынша өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 70 киловаттан артық	елеулі
75.	Дөңгелек илектеу орнақтарында суықтай илектеу цехтары бойынша бір тонна дөңгелекті өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 90 киловаттан артық	елеулі
76.	Кеңжолакты орнақта ыстықтай илектелген бір тонна илекті өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 105 киловаттан артық	елеулі
77.	Қалың табақ орнақта бір тонна илекті өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 110 киловаттан артық (ыстықтай илектелген илемдеу)	елеулі
78.	Үздіксіз орнақта суықтай илектелген бір тонна илекті өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 140 киловаттан артық	елеулі
79.	Табактық орнақта суықтай илектелген бір тонна илекті өндіруге жұмсалатын электр энергиясының шығыны сағатына 200 киловаттан артық	елеулі
80.	Бір тонна жарамды өнім түрлерін үздіксіз пештік дәнекерлеуге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 60 киловаттан артық	елеулі
81.	Бір тонна жарамды өнім түрлерін үздіксіз өңдеуге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 18 киловаттан артық	елеулі
82.	Бір тонна жарамды өнім түрлерін электролиттік тазартуға (әрлеуге) жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 9 киловаттан артық	елеулі
83.	Бір тонна жарамды өнім түрлерін баптау орнағында илемдеуге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 20 киловаттан артық	елеулі
84.	Бір тонна қаңылтырды күйдіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 120 киловаттан артық	елеулі
85.	Бір тонна жарамды өнім түрлерді электролиттік қалайылауға жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 120 киловаттан артық	елеулі
86.	Бір тонна табақ темірді мырыштауға жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 150 киловаттан артық	елеулі
87.	Бір тонна прокатты 2500 кең жолақты орнақтарда жарамды өнім түрлеріне жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 77 киловаттан артық	елеулі
88.	Бір тонна 350-450 желіде орналасқан орташа сұрыптық орнақтарда жарамды өнім түрлеріне жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 50 киловаттан артық	елеулі
89.	Бір тонна таспаны күйдіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 230 киловаттан артық	елеулі
90.	Тонна кенді ұсақтау - сұрыптауға жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 1,5 киловаттан артық	елеулі
91.	Бір тонна кенді жууға жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 2,5 киловаттан артық	елеулі
92.	Бір тонна кенді құрғақтай байытуға жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 5 киловаттан артық	елеулі
93.	Бір тонна кенді сулап байытуға жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 65 киловаттан артық (қара металлургияның байыту фабрикалары бойынша)	елеулі
94.	Гравитациялық байыту фабрикасында бір тонна кенді байытуға жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 20 киловаттан артық	елеулі
95.	Күйдіру фабрикасында бір тонна кенді байытуға жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 17 киловаттан артық	елеулі

96.	Флотациялық фабрикасында бір тонна кенді байытуға жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 2,5 киловаттан артық	елеулі
97.	Агломерациялық фабрикасында бір тонна кенді байытуға жұмсалатын электр энергиясының шығыны сағатына 68 киловаттан артық	елеулі
98.	Түсті металлургия байыту фабрикаларында бір тонна кенді байытуға жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 35 киловаттан артық	елеулі
99.	Ферроқорытпалардың бір тоннасын 75 % ферросилицилді кремний өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 10800 киловаттан артық	елеулі
100	Ферроқорытпалардың бір тоннасын 45 % ферросилицилді кремний өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 5125 киловаттан артық	елеулі
101	Ферроқорытпалардың, атап айтқанда 25 % ферросилицилді кремний бір тоннасын өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 2820 киловаттан артық	елеулі
102	Ферроқорытпалардың, атап айтқанда 15-18 % ферросилицилді кремний бір тоннасын өндіруге жұмсалатын электр энергиясының шығыны сағатына 2150 киловаттан артық ( ферроқорытпалар өндірісі)	елеулі
103	Бір базалық тонна жоғары көміртекті (ауыспалы тоқ пештері) феррохромды өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 4100 киловаттан артық ( хромның 60 % мөлшеріне аударғанда)	елеулі
104	Бір тонна орташа көміртекті феррохромды өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 2765 киловаттан артық емес (хромның 60 % мөлшеріне аударғанда)	елеулі
105	Бір тонна аз көміртекті феррохромды электрлік пеште өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 3245 киловаттан артық емес (хромның 60 % мөлшеріне аударғанда)	елеулі
106	Ферроқорытпалардың, атап айтқанда 48 % бір тоннасын ферросиликохромды өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 7650 киловаттан артық	елеулі
107	Ферроқорытпалардың, атап айтқанда бір тонна 40 % - дық ферросиликохромды өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 8130 киловаттан артық	елеулі
108	Ферроқорытпалардың, атап айтқанда бір тонна силикокальцийді өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 12083 киловаттан артық	елеулі
109	Ферроқорытпалардың, атап айтқанда бір тонна көміртекті ферромарганецті өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 3018 киловатт - сағаттан артық	елеулі
110	Ферроқорытпалардың, атап айтқанда бір тонна орташа көміртекті ферромарганецті өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 1735 киловаттан артық	елеулі
111	Ферроқорытпалардың, атап айтқанда бір тонна силикомарганецті өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 4500 киловаттан артық	елеулі
112	Ферроқорытпалардың, атап айтқанда бір тонна металды марганецті өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 9699 киловаттан артық	елеулі
113	Ферроқорытпалардың, атап айтқанда бір тонна электролитті марганецті өндіруге жұмсалатын электр энергиясының шығыны сағатына 11500 киловаттан артық	елеулі
114	Ферроқорытпалардың, атап айтқанда бір тонна кристаллды кремнийді өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 13200 киловаттан артық	елеулі
115	Ферроқорытпалардың, атап айтқанда бір тонна ферровольфрамды өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 3000 киловаттан артық	елеулі

116	Феррокорытпалардың, атап айтқанда бір тонна феррованадий өндіруге жұмсалатын электр энергиясының үлестік шығысы сағатына 1600 киловаттан артық	елеулі
